

Өмірді жеңілдететін өнертабыстар

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Бұл технология эпохасында адамзат өз өмірің түбегейлі өзгертетін көптеген өнертабыстар ашқаны бүкіл адамзатқа мәлім. Өнертабыс – технологияның қолданыстағы деңгейін көтеретін, мәселенің жаңа техникалық шешімі. Жаңа ашылымдар сан қилы болады. Олар әртүрлі аспектерге жақсы не жаман жағынан әсер етеді. Негізінен, қазіргі заманда “Жер” планетасының тұрғындары өмірді жеңілдететін өнертабыстарға мұқият ден қоюда.

Жаңа технологиялар өмірдің барлық саласын қамтығандықтан, олар адамзат өмірің толықтай жеңілдетуге қабілетті. Айтып кетсек, медицинада, өндірісте, мектепте, қорғаныс күштерінде, қаржы жүйесінде, тіпті, күнделікті өмірде және т.б. Адамның өмірін жеңілдететін, сонымен қатар, басқа да салаларда өзге мақсатта қолдануға болатын әмбебап суретті үш өлшемді етіп шығаратын құрылғы бір сәтте әлемге аты шыққан өнертабысқа айналды. 3D принтер – әр жобаға кететін уақытты едәуір қысқартады. Өндірістің дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда, бүкіл процесс бірнеше апта немесе күнді алуы мүмкін, ал қазіргі кезде өнімдердің көбісін 1 сағатқа жетпей басып шығаруға болады. Кейбір өндірушілер, тіпті, жеке бөлшектерді шығара бастады, бұл олардың сақтау мүмкіндіктері мен ресурстарды басқару схемасын оңтайландыруға мүмкіндік берді. Осы жаңа тәсілмен өндіруші әр бөлшекті немесе компонентті сақтаудың қажеті жоқ, оларды қажет болған жағдайда жай басып шығарып, тез арада іске қосуға болады. Бұндай құрылғылар алып зауыт-фабрикалар мен жұмыс күшін ауыстыра алады. Бірақ бұл өнертабысты өндіріске еңгізсек, қаншама адам тұрақты табысынан айырылуы әбден ықтимал немесе керісінше медицинада хирургтың жұмысын, ал құрылыста

архитектордың жұмысын әлдеқайда жеңілдетеді, бірақ 3D - принтер жана ашу болғандықтан, оның мүлтіксіз жұмыс жасауына ешкім кепіл бере алмайды. Себебі жаңа ашулар көптеген сынақтардан өтіп, белгілі бір адамдармен бағалануы тиіс немесе ол кез-келген уақытта істен шығып қалуы мүмкін және басқа да зияның тигізуі ықтимал. Принтерді өндіріс саласына енгізгенде, кез-келген нәрсенің көшірмесінің жасалуына мүмкіндік ашылады, ал бұл авторлық құқықты бұзып, жалған сапасы төмен тауарлардың көбеюіне әкеліп соқтыруы ықтимал. Дегенмен, осы принтер адамзат денсаулығын да сақтап, көп мұқтаж жандарды өлім аузынан құтқаруы мүмкін. Принтермен жұмыс жеңіл әрі тез жүретіндіктен, ол стоматолог, имплантанттық хирургтар, ортопедиялық хирургтар, тіпті, онкологиялық хирургтарға үлкен қолғабысын тигізеді. Иә-иә, дәл сол қатерлі ісікті 3D принтері және білікті маман арқылы жоюға болады. Әсіресе, дәстүрлі түрде жасалынатын әдістерден қарағанда әлдеқайда тез әрі қолданысқа оңай болғандықтан, медицинадағы ақ халатты адамзат жаның құтқаратын періштелерге ғана үлесін тигізбей, адамды ауыр дерттен құтқаруы әбден мүмкін. Бұрын ертегілерде, адамның фантазиясында өмір сүретін заттар, қазіргі сәтте 3D принтері арқылы іске асуда. Мысалы, тек ертегілерде кездесетін ғажайып көпір Амстердамда 3D принтері арқылы жасалған. Бұл қара күш иелерінің, яғни, құрылысшылардың жұмысын жеңілдетпек. Қысқасы, адам ойына сыймайтын ғажайып өнертабыс оның өмірін жеңілдетіп ғана қоймай, сақтап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуы тиіс.

Өмірді жеңілдететін өнертабыстар аса қиын нанотехнологиялардан жасалынуы, қарапайым адам түсінбеуі тиіс емес. Ол тек механикалық жұмыстар арқылы орындалатын жай тұрмыста пайда болатын қиыншылықтарды шешетін өнертабыста болуы мүмкін. Оларға су температурасы көрсетілген қолжуғыш, қанша шырын қалғанын көрсететін шырын, ұялы телефонды зарядтауға болатын күн батареясы бар орындықтар, басқа адамдардың ұйқысына кедергі қылмайтын шам, зипперлер, портативті

ылғалдандырғыш, айта берсек таусылмайтын аса ірі емес өнертабыстар жетеді. Ұзын Бұл кішігірім ашулар – адамның жұмыс немесе күнделікті өмір сүру үрдісіндегі қиындықтарды азайтып, адамзат өмірінде өзінің орнын тапқан.

Ғалымдардың айтуы бойынша осыдан 2.6 млрд жылдан бері өмір сүріп келе жатқан адамдар алып сфераны антропогендік факторлар әсерімен теріс салдарың көруде. Ең басты бір мәселе – ауаның түтін газдарымен ластануы, ал 67,5% түтін газының көзі – автомобильдер. Жанармай жағылу арқылы атмосфераға зиянды газдар әлі күнге дейін бөлінуде. Осы жаһанды әрі өзекті мәселені ғана шешпейтін, сонымен қатар адамзат өмірің жеңілдететін өнеркәсіп ол –электр машиналарын зарядтайтын автомобиль трассасы. Электр көмегімен ғана жұмыс атқаратын көліктер экологияға зиянын тигізбеуі үшін сұранысқа ие, тек олар максимум 500 шақырым жерге ғана шыдайды. Жүргізуші әр 100 шақырым сайын тоқтап өз-өзін бөгейтіні және электрдің бағасы жанармайдан қарағанда әлдеқайда арзан екені белгілі. Сағатына 1кВт 20 теңге, ал жанармай литрына 200 теңге болғандықтан, жанармай арқылы жұмыс істейтін көлік иелеріне өте тиімсіз. Ал электротрассаның пайда болуы электрлі автомобильдің иелерінің өмірін және экологиялық таза қалдық бөлетін көліктерге сұраныстың артуына алып келеді. Ең бірінші электротрасса дамыған Швеция елінде, Готланд аралында пайда болып, іске қосылды. Өз істерің жетік білетін ғалымдардың айтуы бойынша, сол аумақта түтін газдарының ауадағы үлесі күрт төмендеді және сол арал тұрғындарының өмірі әлдеқайда жеңілдеді.

Қорытындылай келе, адам өмірің жеңілдетін өнертабыстар тек адам жағдайы үшін ғана емес, сонымен қатар, экология мен адамды қоршаған тірі ағзаларды антропогендік факторларынан қорғап және адамның өзінің қиын дертінен айырылуына, кемшілігі бар адамдардың орнын толтыруға, белгілі бір саладағы мамандардың іскерлігін арттыруға зор үлесін қосады.